



БҮЙРЫҚ

06.01.2025 № 01-05/24

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

город Алматы

2025 жылға арналған сыйайлас
жемқорлыққа қарсы іс-шаралар
саясатын бекіту туралы

2015 жылдың 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл туралы» Заңына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**

1. «Допингке қарсы ұлттық орталық» РМҚК 2025 жылға арналған сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар Саясаты бекітілсін (қосымша №1).
2. Кәсіпорын қызметкерлері Жоспармен таныстырылсын (Тоқабаев).
3. Кәсіпорынның интернет-ресурсында бекітілген Жоспар орнатылсын (Т. Омарова).
4. Бұйрық қол қойған күннен күшіне енеді және бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

М. Бақашева

Бұйрықпен таныстырылған

A. Тоқабаев

T. Омарова

**«Допингке қарсы ұлттық орталық» РМҚК
директорының 2025 жылғы 6 қаңтардағы
№01-05/24 бұйрығына №1 қосымша**

**Қазақстан Республикасының Спорт және туризм министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері жөніндегі Комитетінің
«Допингке қарсы ұлттық орталық»
Респубикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты**

Алматы, 2025 жыл

1. Жалпы ережелері

1. «Допингке қарсы ұлттық орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл саясаты (бұдан әрі – Саясат) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылауды үйымдастырудың негізгі қағидаттарын, тәсілдері мен талаптарын реттейтін Кәсіпорынның ішкі құжаты болып табылады және сыйбайлас жемқорлықтың ықтимал фактілерін болдырмауға, Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлықтан қатаң бас тарту ахуалын қалыптастыруға бағытталған.

2. Осы Саясат – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін құруға бағытталған қызмет.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Кәсіпорынның ң өз өкілеттіктері шегіндегі қызметі:

1) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыйбайлас жемқорлықтың себептерін анықтау және кейіннен жою бойынша;

2) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу және ашу.

4. Осы Саясаттың ережелері Кәсіпорынның барлық қызметкерлеріне бірдей қатысты.

2. Қолдану саласы

5. Осы Саясат Кәсіпорынның барлық қызметкерлерімен танысу, орындау және мұлтіксіз сақтау үшін міндетті болып табылады.

6. Осы Саясат кәсіпорынның ресми интернет–ресурсында орналастырылуға тиіс.

3. Терминдер мен анықтамалар

7. Бұл Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы – «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік-құқықтық актілер;

2) мұдделер қақтығысы – қызметкерлердің жеке мұдделері мен олардың лауазымдық міндеттері арасындағы қайшылық, онда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың лауазымдық міндеттерін тиісінше орындаудына әкелуі мүмкін;

3) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – занда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

4) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Кәсіпорынның өз өкілеттіктері шегінде сыйбайлас жемқорлықты алдын алу, оның ішінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі;

6) сыйбайлас жемқорлықты алдын алу – алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызмет.

4. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың мақсаты мен міндеттері

8. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі мақсаты – сыйбайлас жемқорлықтан бас тартатын және лауазымдық міндеттерін орындау кезінде адалдық пен сатылмауышылық қағидаттарын қамтамасыз ететін Кәсіпорын қызметкерлерінің құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың міндеттері:

1) сыйбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою;

2) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу;

3) Кәсіпорын қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ Кәсіпорын қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу.

5. Саясаттың негізгі принциптері

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптері:

1) сыйбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік – кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыйбайлас жемқорлықтан толық бас тарту қағидатын ұстанады;

2) жазаның бұлтартпастығы – Кәсіпорын қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда олардың атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларына қарамастан бұлтартпаушылық туралы мәлімдейді;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі – Кәсіпорын оларды іске асыруды және маңызды нәтижесін көруді қамтамасыз ететін рәсімдерді барынша ашық, түсінікті, орындалатын етуге ұмтылады;

4) өзара іс-қимыл және үйлестіру – Кәсіпорын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды және

ынтымақтастықты, сондай-ақ сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесіндегі үйлестіруді қамтамасыз етеді.

6. Сыйбайлар жемқорлықтың алдын алу шаралары

11. Кәсіпорында сыйбайлар жемқорлықтың алдын алу келесі негізгі шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) Кәсіпорын қызметкерлерінде сыйбайлар жемқорлық мінез-құлқына төзбеушілікті мынадай жолдармен қалыптастыру:

– қызметкерлерге сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы КР заңнамалық және өзге де актілерінің нормаларын түсіндіру;

– Кәсіпорында және басқа да мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың ұйымдарында анықталған сыйбайлар жемқорлық фактілері туралы Кәсіпорын қызметкерлерінің назарына жеткізу;

– Кәсіпорын қызметкерлерімен түсіндіру әңгімелерін өткізу.

2) Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне, оның ішінде бос лауазымға орналасуға кандидаттарға біліктілік талаптарын қою;

3) лауазымды тұлғаның өзінің қызметтік міндеттерін ұзак, мінсіз және тиімді орындағанына сәйкес оны жоғары тұрған лауазымға тағайындау немесе оны көтермелей кезінде міндетті түрде ескерілуге тиіс ережелерді кадрлық жұмыс практикасына енгізу;

4) Кәсіпорын қызметкерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды алаяқтық, асыра пайдалану және басқа да заңға қайшы әрекеттерді жасауға қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әдістермен хабарлау құқығымен қамтамасыз ету.

7. Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары

12. Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыттары:

– сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Кәсіпорынның бірыңғай саясатын жүргізу;

– мемлекеттік органдармен, сыртқы ұйымдармен, сондай-ақ азаматтармен және азаматтық қоғам институттарымен сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Кәсіпорынның өзара іс-қимыл тетігін құру.

– Кәсіпорын қызметкерлерін сыйбайлар жемқорлыққа қарсы іс-қимылға неғұрлым белсенді қатысуға тартуға, олардың санасында сыйбайлар жемқорлық мінез-құлқына теріс қатынас қалыптастыруға бағытталған әкімшілік және өзге де шараларды қабылдау.

– қызмет көрсету кезінде адалдықты, ашықтықты, адаптацияның және объективтілікті қамтамасыз ету.

13. Кәсіпорынның өзге қызметкерінің, сондай-ақ үшінші тұлғаның сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелей фактілері

туындаған жағдайда және/немесе Кәсіпорын қызметкерін сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелеге қатысты белгілі фактілер немесе күдіктер туралы ақпаратты билетін Кәсіпорын қызметкерлері Кәсіпорын басшылығына дереу хабарлауы тиіс.

14. Мұндай іс-әрекеттер жасау туралы өтініштер, қажет болған жағдайда, жауапкершілікке тартуды және уәкілетті мемлекеттік органдарды хабардар етуді қоса алғанда, тергеп-тексерілетін және өзінің қисынды аяқталуына дейін жеткізілетін болады.

8. Мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу тәртібі

15. Кәсіпорын қызметкерлерінің міндеттері:

1) мұдделер қақтығысын туыннататын кез-келген мүмкіндікке жол бермеу бойынша шаралар қабылдау;

2) туындаған мұдделер қақтығысы туралы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өзіне белгілі болған сәтте өзінің тікелей басшысына хабарлау.

3) мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу бойынша өзге де шараларды қабылдау.

16. Мұдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу мұдделер қақтығысының тарапы болып табылатын Кәсіпорын қызметкерінің лауазымдық немесе қызметтік жағдайын өзгертуден, тіпті оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуден тұруы мүмкін.

9. Сыйлықтар және өкілдік шығындар

17. Кәсіпорын іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлышық шығындарына қатысты адалдық пен ашықтық атмосферасын ынталандырады.

18. Үшінші тұлғалармен сыйлықтар алмасу:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнаманың нормаларына толық сәйкес келуге;

2) ақылға қонымды негізделген, пропорционалды болу, қолма-қол немесе қолма-қолсыз ақша қаражаты, бағалы қағаздар, бағалы металдар болып табылмауы және ақша қаражатының өзге де түрлерін немесе баламаларын көрсетпеу, сондай-ақ сәнді заты болып табылмауына;

3) қызмет көрсеткені үшін жасырын сыйақыны болмауына, әрекет ету, әрекетсіздік, шапағатшы болу, құқық беру, белгілі бір шешім қабылдау және т. б. немесе пара алушыға басқа да заңсыз немесе этикалық емес мақсатта әсер ету әрекеті болмауына;

4) Кәсіпорынның, оның лауазымды және оларға теңестірілген тұлғаларының іскерлік беделін жоғалтуға әкеп соғуы мүмкін тәуекелдерді тудырмауға тиіс.

19. Кәсіпорын жүзеге асыратын мемлекеттік сатып алуға қатысатын кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлышық белгілерін қабылдауға тыйым салынады.

**10. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар
үшін жауапкершілік**

20. Кәсіпорын қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартылады.